

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 шілдедегі N 988 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 4 мамыр N 665

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Ақмоласельмаш" ашық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетін Астана қаласының коммуналдық меншігіне беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 шілдедегі N 988 P990988_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

2 - т а р м а қ т а :

1), 2)-тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) екі ай мерзім ішінде "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Медетші банкiне меншікті айналым қаражатын толықтыруға "Ақмоласельмаш" акционерлік қоғамы үшін несиелік бөлу туралы" 1997 жылғы 16 қазандағы N 47 несиелік келісімге белгіленген тәртіппен өзгерістер енгізілсін, онда мынадай шарттар көзделсін:

заемшы ретінде "Астана-қаржы" ашық акционерлік қоғамы айқындалсын; негізгі борышты өтеуді үшінші жылдан бастай отырып, несиелік

келісімге өзгерістер енгізілген күннен бастап несиені қайтару мерзімі 5 (бес) жыл болып белгіленсін;

несиені пайдаланғаны үшін сыйақыны (мүддені), мерзімі өткен сыйақыны (мүддені) және айыппұл санкцияларын бірінші жылдан бастап өтеу белгіленсін;

2) Қоғамға "Медетші қоры" республикалық мемлекеттік кәсіпорны берген несиелік бойынша талап ету құқығын "Астана-қаржы" ашық акционерлік қоғамына беруді қамтамасыз етсін";

3)-тармақша алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ